

**Тауарларды кеден аумағында ұқсату, тауарларды кеден бақылауында ұқсату және тауарларды кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимдерін қолдану туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 25 қараша N 584-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 838. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~ V011444

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Бекітілсін:

1) Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату, тауарларды кеден бақылауында ұқсату, тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимдеріндегі тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі туралы Нұсқаулық (1 қосымша);

2) ұқсату шарттары туралы міндеттемелердің нысаны (2 қосымша).

2. Құқықтық қамсыздандыру басқармасы (Г. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Кеден режимдері мен кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастыру Бас басқармасы (М. Байбұлов) осы бұйрықтың жүзеге асуын қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз қызметі (Г. Исахан) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары Б. Жұмабаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
1999 жылғы 25 қарашадағы

Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату, тауарларды кеден бақылауында ұқсату және тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимдерінде тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі туралы

## 1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - кеден ісі туралы Заң) сәйкес осы Нұсқаулық тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату, тауарларды кеден бақылауында ұқсату, тауарларды кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимдеріне орналастырылатын тауарларды ұқсатудың шарттары туралы міндеттемелерді ресімдеу тәртібін, ұқсату мерзімдерін айқындауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсату кеден режимінің тауарлардың экспорты кеден режиміне өзгеруі кезінде тауарларды кедендік ресімдеу тәртібін анықтайды.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату, тауарларды кеден бақылауында ұқсату, тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимдеріне орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кеден бақылауы кеден ісі туралы Заңға және кеден ісі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

## 2. Ұқсату шарттары туралы міндеттемелерді ресімдеу тәртібі

3. Кеден ісі туралы Заңның 56, 62, 85 баптарына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату, кеден бақылауында ұқсату сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату үшін кеден органына ұқсатудың шарттары туралы міндеттемелерді тапсыру қажет.

4. Ұқсату шарттары туралы міндеттеме тауарлардың ұқсатуын жүзеге асырушы тұлғамен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетімен (бұдан әрі - Кеден комитеті) белгіленген нысан бойынша, тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органына тапсырылады. Ұқсатудың шарттары туралы міндеттеме екі данада толтырылады, оның біреуі кеден органына тапсырылады және ұқсатуды жүзеге асырушы тұлғаның және кеден органының мөрімен куәландырылады.

Ұқсатудың шарттары туралы міндеттемеге оның негізінде ұқсатудың мерзімі және ұқсату өнімінің шығарылу саны анықталатын құжаттар қоса ұсынылады ( тауарларды ұқсатуға шарт және басқалар).

### 3. Қазақстан Республикасының кеден аумағында және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсатуды ұзарту және мерзімдерді көбейту тәртібі

5. Ұқсату мерзімін ұқсатудың шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген тауарларды тасымалдау күнінен бастап екі жыл шегінде ұзарту кеден ісі туралы Заңның 57, 87 баптарына сәйкес жүргізіледі.

6. Ұқсату мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін ұқсату шарттары туралы міндеттемені табыс еткен тұлға ұқсатудың шекті мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей Кеден комитетіне еркін нысандағы тиісті өтінішті табыс етеді.

Өтінішке:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ұқсату мерзімін екі жылдан артық көбейтудің орындылығы туралы қорытындысы;

2) тауарларды ұқсату кезінде кеден заңдарының талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыратын кеден органының ұқсату шарттары туралы міндеттеменің орындалуы туралы қорытындысы;

3) ұқсату шарттары туралы міндеттеменің көшірмесі қоса тіркеледі.

7. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ұқсату мерзімін екі жылдан артық көбейтудің орындылығы туралы қорытындысы еркін нысанда ресімделеді және онда ұқсатуды жүзеге асырушы тұлға, ұқсату туралы шарттың күні мен нөмірі, ұқсатылатын тауар, сондай-ақ ұқсатудың шекті мерзімін көбейту орынды кезең туралы мәліметтер болуға тиіс.

8. Ұқсату шарттары туралы міндеттеменің орындалуы туралы кеден

органының қорытындысында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) ұқсату шарттары туралы міндеттеменің табыс етілуін растайтын;

2) ұқсату шартында көрсетілген тауарлардың жалпы санына пайыздық

қатынастағы ұқсату үшін әкелінген тауарлардың саны туралы;

3) ұқсату шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген ұқсату өнімдерінің шығу санына пайыздық қатынастағы алынған ұқсату өнімдерінің саны туралы;

4) ұқсату мерзімін екі жыл шегінде ұзарту туралы;

5) ұқсату өнімдерін кедендік ресімдеу туралы;

6) кеден ережелерін бұзу фактілері туралы.

9. Ұқсату мерзімін екі жылдан артық көбейтуді Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ұқсату мерзімін көбейтудің орындылығы туралы қорытындысының негізінде Кеден комитеті жүргізеді.

10. Ұқсату мерзімін көбейту туралы өтінішті қарастыру мерзімі өтінішті алған күннен бастап он күннен аспауы тиіс.

11. Ұқсату мерзімін көбейту туралы шешім хат түрінде ресімделеді және ұқсатуды жүзеге асырушы тұлғаның және тауарларды ұқсату кезінде кеден заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырушы кеден органының мекен-жайына бағытталады.

12. Ұқсату мерзімін кейінгі көбейту осы Нұсқаулықтың 6-12 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Ұқсату мерзімін көбейтуге қарсылық білдірген жағдайда ұқсату операцияларына түспеген тауарларды, және ұқсату өнімдерін кеден аумағында ұқсату кеден режимі кеден заңдарына сәйкес өзгертуге жатады.

#### 4. Тауарларды жөндеу кезінде ұқсату өнімдерін алмастыру тәртібі

14. Тауарларды жөндеу кезінде ұқсату өнімдерін алмастыру ұқсату өнімдерін алмастырушы тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режиміне сәйкес жөндеу үшін әкетілген тауарлар қатысында ұқсас немесе біртекті болатын шарт кезінде рұқсат етіледі. Бұл кезде алмастырушы тауарлар жаңа, сондай-ақ қолданыста болған болуы мүмкін.

15. Егер мұндай жөндеу алынған өнімге бастапқы өнімді жөнделген өнімнен көп ерекшелейтін болса тауарларды жөндеу кезінде ұқсату өнімдерін алмастыруға жол берілмейді.

16. Шарттың тиісті ережелері және тауарларды жөндеуді жүзеге асырушы кәсіпорынның кепілдік міндеттемелері ұқсату өнімдерін алмастыру үшін негіз болып табылады.

17. Жөндеу кезінде ұқсату өнімдерін алмастыратын тауарларды әкелу кеден баждарынан және салықтардан босату кеден ісі туралы Заңның 90-бабына сәйкес жүргізіледі.

5. Тауарларды кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимінің өзгеруі кезіндегі тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі

18. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимінің тауарлардың экспорты кеден режиміне өзгертілуі Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тыс, ұқсатуға түспеген ұқсату өнімдерін немесе тауарларды иелігінен айырған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл кезде кедендік ресімдеу кеден аумағынан тыс кеден режимін ұқсатуға әкелінген тауарлар қатысында экспорт кеден режиміне өзгерту жолымен жүргізіледі.

19. Кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимін экспорт кеден режиміне өзгерту үшін:

1) ұқсатуға тауарларды әкету кезінде кедендік ресімдеу жүргізілген ұқсату туралы шарт;

2) ұқсатуға түспеген тіркелген және Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тыс әрекет етуші тұлғаға ұқсату өнімдеріне немесе тауарларға меншік құқығының (пайдалану немесе қожалық ету) ауысуын қарастыратын шарт негіз болып табылады.

20. Кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимінің тауарлардың экспорты кеден режиміне өзгеруі кезіндегі кедендік ресімдеу ұқсатуға түспеген ұқсату өнімдерін немесе тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелмей-ақ, тұлғаның өтініші бойынша, осы Нұсқаулықтың 19-бабында көрсетілген құжаттарды тапсырумен жүргізілуі мүмкін.

21. Тауарларды кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режиміне сәйкес кеден аумағының шегінен ертеректе әкетілген тауарлардың экспорты кезінде валюталық заңдылық саласындағы талаптар ұқсатуға түспеген ұқсату өнімдеріне немесе тауарларға құқық меншігінің ауысуын (пайдалану немесе қожалық ету) қарастыратын шарттың шарттарын есепке ала отырып орындалады.

22. Қазақстан Республикасының заңдарымен өткізудің арнайы тәртібі қарастырылған ұқсату өнімдерін қайтармаған кезде кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимінің экспорт кеден режиміне өзгеруі ұқсатуды жүзеге асырушы тұлғаның Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының орындалуын растайтын құжаттарды тапсыруы кезінде жүргізіледі.

## 6. Ұқсату өнімдерін қайтармаған кезде әкетілетін кеден баждарын төлеудің тәртібі

23. Кеден аумағынан тыс ұқсату кеден режимінің экспорты кеден режиміне өзгерген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден аумағына ұқсату өнімдерін қайтармаған кезде кеден төлемдері мен салықтар кеден ісі туралы Заңның Z952368\_89-бабына сәйкес төленеді.

## 7. Кеден заңдарының талаптарын сақтауды бақылау

24. Тауарларды ұқсату кезінде кеден заңдарының талаптарын сақтауды бақылауды ұқсатуға арналған тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуші кеден органы жүзеге асырады.

25. Ұқсатуға арналған тауарларды және ұқсату өнімдерін кедендік

ресімдеу түрлі кеден органдарында жүргізілген жағдайда ұқсату өнімдерін ресімдеген кеден органы ұқсату шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген кеден органын кеден мағлұмдамасының нөмірін көрсетумен жүргізілген кедендік ресімдеу туралы хабардар етуге міндетті.

26. Кеден заңдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының кеден органдары кеден ісі туралы Заңның 209-бабына сәйкес тауарларды ұқсатуды жүзеге асырушы тұлғаның қаржы және сыртқы экономикалық қызметін тексеруді жүргізуге құқылы.

## 8. Қорытынды ережелер

27. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тауарларды ұқсату тәртібін бұзған тұлғалар кеден ісі туралы Заңға сәйкес кеден ережелерін бұзғаны үшін жауап береді.

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
1999 ж. \_\_\_\_\_ N бұйрығына  
2 қосымша

---

(кеден органының атауы)

Тауарларды кеден аумағында ұқсату (тауарларды кеден

аумағынан тыс ұқсату, тауарларды кеден бақылауында  
ұқсату) кеден режимінде ресімделген тауарларды ұқсату  
шарттары туралы міндеттеме

---

(тауарларды ұқсатуды жүзеге асырушы тұлға)

---

(ұқсату шартының күні мен нөмірі)

---

\_\_\_\_\_ сәйкес  
тауарларды ұқсатуға міндеттеледі.

---

(тауарлардың атауы және олардың сыртқы экономикалық қызметтің  
Тауарлық номенклатурасына сәйкес классификациялық коды)  
ұқсату өнімдерін алу мақсатымен

---

(ұқсату өнімдерінің атауы және олардың сыртқы экономикалық қызметтің  
Тауарлық номенклатурасына сәйкес классификациялық коды)

мынадай шарттарды сақтау кезінде:

ұқсату мерзімі \_\_\_\_\_

ұқсату өнімдерінің шығу саны \_\_\_\_\_

---

Ұқсатуды жүзеге асырушы

тұлға басшының аты-жөні \_\_\_\_\_

(қолы)

N \_\_\_\_\_

---

(кеден органының лауазымды тұлғасының қолы)

---

\* Міндеттеменің нөмірі кеден мағлұмдамасын қабылдау кезінде кеден органының лауазымды тұлғасымен беріледі және оның тіркеу нөміріне сәйкес келеді.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.